

Айдарова Ақмарал Зияшевна
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ аға оқытушы,
Абдуллина Ақжүніс Гафуровна
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ оқытушы
Ақтөбе қ-сы

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада мектептер мен ЖОО-да экономикалық білім беруде географиялық цикл пәндерінің орнының ерекшеліктері мен заман сұранысына сай талаптары туралы айтылады. Осыған байланысты география сабақтарында экономикалық білім беру аспектілері, мазмұны, формалары мен әдістері туралы сұрақтар қаралады.

Түйінді сөздер: экономикалық білім, экономикалық тәрбие, экономикалық мәдениет, когнитивті-операциялық, құндылықты-мотивациялық, нәтижелі-іс-әрекеттік.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается роль предметов географического цикла в экономическом образовании в школах и ВУЗ-ах страны в соответствии с современными требованиями. В связи с этим внимание уделяется на вопросы о аспектах экономического образования на уроках географии, о ее содержании, форм и методов.

Ключевые слова: экономическое знание, экономическое воспитание, экономическая культура, когнитивно-операционные, ценностно-мотивационные, результативно-деятельное.

ABSTRACT

The article considers the role of geographic objects in a cycle of economic education in schools and institutes of higher education in the country according to modern requirements. In this regard, attention is given to questions on aspects of economic education in geography, its contents, forms and methods.

Keywords: economic knowledge, economic education, economic culture, cognitive-operational, value-motivational, effectively activities.

Қазіргі кезде мектепте оқытылатын пәндерде экономикалық білім берудің негізгі міндеттері-қоғам дамуына сай жаңа технологияларды игеру, еңбекке баулу мен оқытуды экономикалық біліммен ұштастыру болып табылады. Белгілі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, сондай-ақ педагогикалық принциптерді ескере отырып, экономикалық білім берудің психологиялық-педагогикалық мәселелерін қарастыру оқушыларғы экономикалық білім беруде мектептердің ролінің өсуімен байланысты оқушыларға білім беру мұғалімнің білімділігі мен біліктілігі арқасында жүзеге асады деу дұрыс. Оқушылар кең көлемде алған экономикалық білімдерін болашақта мамандық таңдауға негіз болуын көздейді. Қазіргі қоғамдағы барлық сфералардың барлығы өзгеріске ұшырап, күрделі және қарама-қайшылықтарға толған заманда экономикалық білім берудің басты міндеттері ретінде өскелең ұрпақты осы өзгерген ортада өмір сүруге, еңбек етуге тәрбиелеу міндеттері тұр [1].

Үздіксіз экономикалық білім беруде географиялық цикл пәндерінің де орны ерекше. Осыған байланысты мектепте оқушыларға география сабақтарында экономикалық білім беру аспектілерін, мазмұнын, формалары мен әдістерін зерттеу, қажеттілігі туындап отыр.

Экономикалық тәрбие мен білімнің өзіне тән әдістері бар. Білімді бекіту, іскерлікті қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер:

- Жаттықтыру. Әр түрлі іс-әрекеттерін істей білуге машықтандыру, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, уақыт және өндіру нормаларын анықтау, материалдарды, электрқуатын, суды, газды үнемді пайдалану, т.б.

- Тәжірибелік жұмыстар және эксперимент. Бұл әдістерді оқушылардың өндірістік бригадасында, оқу өндірістік кооперативте, үйелмендік мердігерлікте немесе үйелмендік

шығармашылық қожалықтарында, мектептерде шағын мал, күс фермаларында қолдануға болады. Тәжірибелік және эксперимент жұмыстарының мақсаты - оқушыларды өнімді бағалай білуге, бизнес, ақша мен пайда сияқты ұғымдарды өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

- Экономикаға байланысты есептер шығару - еңбек ақыны, уақыт және өндіру нормаларын есептей білу, рентабельдік, пайда, өзіндік құн және басқа да экономикалық ұғымдар жайлы есептер шығаруға оқушыларды үйрету, жаттықтыру.

- Сандық материалдарды талдау әдісі - саяхат кездерінде жиналған мәліметтердің негізінде кестелер, диаграммалар жасау, қандай болса да экономикалық шаруалардың тиімділігін анықтау.

- Ғылыми-техникалық, экономикалық әдебиеттермен жұмыс.

- Экономикалық сөздік жасау, нарықтық экономика терминдерін қазақ тіліне аудару. Сөздікті пайдалана білуге оқушыларды үйрету, олардың сөздік қорын молайту.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы. Алтынсарин мектепте берілетін экономикалық тәрбие мен дағдыны халыққа пайда келтіретін қару ретінде бағалы еңбектің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Оның танымдық көзқарасы бойынша экономикалық табыс, елдің және жеке адамның ырысының мол болуы, әр адамның белсенді еңбек етуі арқылы бақытты өмір сүруге ұмтылуына байланысты.

Румянцев анықтамасы бойынша « Экономикалық тәрбие - қоғам мүшелерінің білімін, қабілетін және дағдысын, қажеттілігі мен мүддесін, ойлау стилін қалыптастыру мақсатында жүйелі, мақсатты бағытта ықпал ету» деп түсініледі, ал Блонский бойынша, «Экономикалық тәрбие - экономикалық даму заңдылықтарын тану негізінде адамды белсенді, қоғамдық пайдалы әрекетке дайындау үрдісі» деп түсініледі.

Экономикалық тәрбие - кең мағынада ұйымдастырылған педагогикалық әрекет, ол экономикалық білім беруге, экономикалық мақсатты әрекетпен байланысты экономикалық білік пен дағдыны қалыптастыруға, экономикалық ойлауды дамытуға бағытталған.

Экономикалық білім беру - тек қана белгілі бір экономикалық теория көлемін қабылдатып, бекіттіру емес, ол адамның тәртібін, түсінігін, өмірге көзқарасын дұрыс қалыптастыру процесі, оқушының өзін-өзі қорғауға үйрету, нарықтық жағдайларға бейімдей отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру [2].

5-6 сыныптардағы мақсаты- экономикалық құбылыстарды түсіндіру, қызығушылығын ояту болса, функциялары:

1. Танымдық - оқыту : экономикалық түсініктермен таныстыру.

2. Танымдық - дамыту: проблемалар қоя білу, диаграмма мен сызба нұсқаларды сала білу.

3. Тәрбиелік: еңбекті бағалау, уақытын жоспарлау.

4. Әлеуметтік -эканомикадағы өз орнын сезіну, тауарлар мен қызмет көрсету әлеміне бейімделу.

7-8 сыныптардағы мақсаты -экономиканы зерттеуге баулу болса, функциясы:

1. Экономикалық заңдылықтарды пайдалана отырып, түсініктерін кеңейту.

2. Графиктерді есептеулерді қолданып, тиімділікті анықтау, өз көзқарастарын дәлелдету.

- 3.Еңбекқорлық пен жауапкершілікті қалыптастыру, мақсатты - жоспарлы түрде жұмыс жасауға үйрету.

4. Болашақ білімнің бағытын таңдау, ақпаратты сараптап, қорытынды жасау, топпен шешім қабылдау, әлеуметтік жағдайға бейімделу.

9-11 сыныптардағы мақсаты - фактілерді қолдана отырып, анализ, синтез жасау, тұлғаның өмірлік құзырлығын қалыптастыру, ал функциялары:

- 1.Экономикалық информацияларды жетік түсіну, экономикалық заңдылықтарды қолдана білу .

- 2.Экономикалық теорияны тәжірибе жүзінде пайдалана білу.

3. Экономикалық сауатты, шешім қабылдай алатын, экономикалық еркіндікті, құқықты сыйлай білетін, тәжірибесімен бөлісе алатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын азамат тәрбиелеу.

4. Болашақ мамандықты таңдай білетін, өз күшіне сенімді, проблемадан қорықпайтын, оны шешуге әрекет жасайтын тұлғаны қалыптастыру.

Экономиканың адамгершілік қасиеттерге әсерін анықтау мақсатында тұлғаның жағымды, жағымсыз қасиеттерін зерттеп, сәйкесінше шаралар жүргізуге болады.

Жеке тұлғаның адамгершілік-экономикалық қасиеттері:

1. Жағымды қасиеттері:

- Икемділік жағдайға бейімделу;
- Еңбекқорлық;
- Жауапкершілік;
- Өзін-өзі ұйымдастыруы;
- Ұжымшылдық;
- Үнемділік;
- Іскерлік;
- Жылдам шешім қабылдау;
- Жұмысты өз бетімен орындау;
- Шығармашылық;
- Инициативтілігі;
- Алдын-ала жоспарлау, болжау;
- Бақылау жүргізе білу;
- Еңбек нәтижесін талдай білу;

2. Жағымсыз қасиеттері:

- Эгоизм;
- Шаруаға қыры жоқтық;
- Біреудің арқасында күн көру;
- Сарандық;
- Өтірік айту, алдау;
- Өз-өзіне сенімсіздік;

Сабақ барысында оқушылар топқа бөлініп, өз қалаулары бойынша жобалар алып, оны жоспарлау арқылы қорғап шығады. Жобаны іске асыру барысында ақпараттың негізін ажырату, альтернативті шешім қабылдау, білімге, логикаға негізделген әлеуметтік-экономикалық көзқарасын дәлелдей білуге үйренеді [3].

• Оқушылардың экономикалық құзырлықтары қалыптастыру бағытында жобалық жұмыстарын қорғату;

- Бизнеске бейімділікті анықтау;

• Жеке тұлғаның адамгершілік - экономикалық қасиеттерінің жағымды, жағымсыз жақтарын зерттеу ;

Экономикалық білімді қалыптастыруға әсер ететін факторлар:

- мұғалімнің білімі мен шеберлігі;

• тәрбиенің қоғамдық өмірмен байланысы

• экономикалық білімді, біліктілікті, дағдыны оқушылардың біртіндеп меңгеруі, экономикалық ойлауы мен түсінігін дамыту;

• өз мүмкіндігіне қарай қажеттілігін анықтай білуге, үнемділікке, мамандықты дұрыс таңдай білуге үйрету;

- анализ жасай білуге тәрбиелеу;

• экономикалық білім беру мазмұны барлық негізгі пәндердің құрылымында, жалпы тәрбие жоспарында ескерілуі тиіс.

Мектепте экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаттары оқушыларды экономикалық мәдениет пен қоғамдық экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру,

еңбек ете білуге және материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматын тәрбиелеу.

Заманауи экономикалық білім беру міндетті түрде үздіксіз болу керек. Егер мектепте оқушылар экономикалық білім алса, мектепте алған экономикалық білім ЖОО берілетін экономикалық білімге қарама-қайшы келмеуі керек. Экономикалық білім берудегі маңызды проблемалардың бірі әртүрлі жастағы 5- 10-класс оқушылары үшін сабақты қызықты етіп өткізу үшін экономикалық білім берудің мотивациясының болмауы болды.

Экономикалық білім беруді оқушы үшін барынша қалай тартымды, қызық етуге болады? Дидактикалық жағынан білімді қабылдаудың бірнеше әдістемелерін кешенді пайдаланудың тиімділігі жоғары (дайын білімді қабылдау, іс-әрекеттік әдістер, жағдаяттарды туғызу әдістері, түрлі экономикалық жаңалақтарды, фактілерді, заңдылықтарды «ашу», есептер шығару, т.б.), олардың барлығы да оқушылардың шығармашылығын дамытуда ерекше орын алады. Оқытудың белсенді түрлері және іскерлік ойындар тек экономикалық білімге деген қызығушылық пен талпынысты арттырып қана қоймай, шағын уақыт аралығында экономикалық жағдайды бастан кешіруге, оны өз бойынан өткізуге, қортынды жасауға, нәтижесінде берік білім алуға септігін тигізеді.

Экономикалық білімді практикалық пайдаланудың тағы бір мысалы-экономикалық және іскерлік ойындар. Оларды экономикалық білім берудің барлық сатыларында, оқушыдан бастап студенттерге дейін пайдалануға болады.

Мектепте оқылатын физикалық және экономикалық географиясын кіріктіре оқыту, қоғамның жасөспірімдерді өмірге, нақтылы бір аумақта оның географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек етуге даярлаудағы сұраныстарынан туындап отыр. Табиғат пен қоғам арасындағы байланыстар туралы білім, орта географиялық білім беру жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Жалпы білімді кіріктірудің танымдық және әдіснамалық маңызы зор. Оны географиялық тұрғыда қарайтын болсақ, ол оқушыларда әрбір объектіні себеп-салдарлы байланыс негізінде аумақпен байланыстыру және шаруашылық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-саяси тұрғыда баға бере алу біліктіліктерін қалыптастырады.

Н.Н.Баранскийдің сөзімен айтатын болсақ, бір «элемент» немесе бір «сала» төңірегінде қалып қоймай бұл кешенді ойлау деген сөз. Кешенді тәсіл география ғылымының іргетасы іспеттес, ол адамда дүниенің әр алуандығына қарамастан өмірге деген біртұтас көзқарас қалыптастырады.

Педагогика ғылымдарының мектеп оқушыларының білімін жақсарту мақсатында мұғалімдер алдына қоятын аса бір маңызды талаптарының бірі – оқушылардың өз бетімен жұмыс жасап үйренуін қалыптастыруы. Демек, жаңа білім беру мақсатында оқушылардың өз бетімен жасайтын жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастырып отырғаны жөн.

Экономикалық білім беруде география курстарының, оның ішінде Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын оқытудағы сарамандық жұмыстардың ролі ерекше.

Экономикалық географиядан сарамандық жұмыс кезінде оқушылар дайын материалға, үлгілерге, картаға қарап көшіріп жазып, сызатын болса, өз бетінше жұмысты орындау нәтижесінде оқушы азды-көпті жаңа нәтижеге жетеді. Кез келген сарамандық жұмыс жаңа нәтиже берген жағдайда ғана оқушылардың өз бетімен жасаған жұмыстары болып табылады.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты экономикалық білім беруге бетбұрыс байқалып отырған кезде оқушыларға экономикалық білім беру, оқушының экономикалық ой-өрісін қалыптастыру және дамыту жолдарын анықтау мәселелеріне ерекше көңіл аудару қажеттігі туып отыр.

Жалпы алғанда оқушылардың ой-өрісін дамыту жұмыстарын жақсартудың үш мүмкіндігі бар. Олардың алғашқы екеуі тікелей мектеп пәндерін оқытуда жүзеге асады. Бірақ мектеп пәндері мен оларда келтірілге тапсырмалар сабақта оқушыға экономикалық білім мен тәрбие беруге жеткіліксіз болып отыр. Сондықтан, экономикалық білім беруді сыныптан тыс жұмыстарда толықтыруға болады.

Оқытудың жаңа технологиясы оқушының іс - әрекетінің жоспарланған нәтижесіне жетуді қарастыратын жаңа әдістердің жиынтығынан туады. Оның бұрынғы белгілі дәстүрлі оқыту технологиясынан айрықша ерекшелігі мынандай: оқушының интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы; оқушы мен оқытушының белсенділігі сайма – сай болуы; мұғалім мен шәкірттің өзара қарым – қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі; алдыңғы қатарлы ойшылдардың зерттеу жұмыстарын сабақта тиімді пайдалана білу, дамыта оқыту арқылы оқушының ғылымды игеруіне дербестік қасиетін қалыптасытру.

Мысалы, 10 – сыныпта оқушылардың тақырып бойынша оқу ниеттерін құрастыруына, кітаптағы білім алу және икемділік қалыптастыру блогы мен өзінді - өзің және жолдасыңды тексер блогымен жұмыс жасауына айрықша мән беріледі. Осы әдіс – тәсілдерді игеру нәтижесінде оқушылардың ой – танымдық іс - әрекеттері, оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде жемісін көруге болады [4].

Оқытуда түпкі мақсатқа жету үшін мұғалім ізденісі шешуші роль атқарады. Неміс педагогі Адльф Дистервег ХІХ ғасырдың өзінде – ақ «жас мұғалімнің негізгі кемшілігі - өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы» - деген болатын. Жаман мұғалім шындықты (білімді) өзі айтып хабарлайды, жариялайды, ал жақсы мұғалім күнделікті сабақта проблемалық ситуация жасай білсе және бір сабақтан екінші сабақты түрлендіріп өткізе білсе, ол оқушының өзіндік ізденісіне жол ашады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде экономикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, мемлекеттік саяси білім мен тәрбие ісі ерекше бағыт алып отыр.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі студенттер – ертеңгі зиялылар. Күні ертең - ақ, олар өндірістік және әлеуметтік басқару жүйесін өз қолдарына алады.

Мектеп оқушыларына үздіксіз білім беруді тиімді жүзеге асыруда негізгі критери ретінде негізгі процестің негізгі компоненттері қарастырылды: когнитивті-операциялық, құндылықты-мотивациялық және нәтижелі-іс-әрекеттік.

Егеменді Қазақстанның дамуы үшін оқу орындарында үздіксіз экономикалық білім берудің маңызы зор. Бұл ойды көптеген қазақстандық ғалымдар құптап отыр. Бұл процесс тұлғаның дамуындағы кездесетін өтпелі кезеңдер кезіндердегі келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін, оның талаптарын, құндылықтарын, экономикалық ойлауы мен іс-әрекеттерін, мәдениетін көтеру үшін оқушыларды қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделуі үшін ерекше маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Белова Т. Зачем ввели в школе экономику? Народное образование. – 2002. – №4. – С. 123-127.
2. Даринский А. В. Экономическая подготовка школьников. Тольятти, 2000. – 112 с.
3. Землянская Е. Учебные проекты в экономической подготовке школьников. Народное образование. 2006. – № 1. – С. 163-171.
4. Ступина Е. Воспитание предпринимательских качеств у молодежи. Народное образование. 2003. – № 10. – С. 179-186.